

## **"Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкін сақтауды қамтамасыз ету мен ұтымды пайдаланылу жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылғы 11 шілде N 946

Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкін Қазақстан Республикасының мүддесі үшін сақтауды қамтамасыз ету мен ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкін сақтауды қамтамасыз ету мен ұтымды пайдалану жөніндегі қоса беріліп отырған шаралар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігіне аталған объектілердің мүлкін оперативті басқару құқығын белгіленген тәртіппен берсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, мүлікті сақтау, ғарыш айлағы объектілерін конверсиялау жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді жүктеуді, сондай-ақ бұзылған ғимараттар мен үй-жайлардың элементтерін, жарамсыз деп танылған техникалық жекелеген буындары мен бөлшектерін, пайдаланылып біткен ракета техникасы мен жерүсті жүйелерінің металл сынықтарын сату құқығын беруді көздей отырып, "Байқоңыр" кешеніндегі Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын құру туралы ұсыныс енгізісін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігіне аталған мүлікті сатудан түскен қаражатты объектілерді күзету мен ұстауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларды конверсиялау жобаларын әзірлеу мен жүзеге асыруға пайдалануға рұқсат етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір айлық мерзімде аталған қаражатты пайдалану тәртібін әзірлеп бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 11 шілдедегі  
N 946 қаулысына  
қосымша

Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген  
"Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкін сақтауды  
қамтамасыз ету мен ұтымды пайдалану жөніндегі  
Ш А Р А Л А Р

Рет	Жауапты	Орындау
N	Ш а р а л а р	атқарушы   мерзімі
1	Ресей Федерациясы жалға алғандардың құрамына кірмеген және құрамынан шығарылатын объектілердің тізбесін ресей жағымен келісу, нақтылау және келісу олардың күзетілуін ұйымдастыру	ҰАҒА, 1995 ж. Қорғаныс. шілде міні
2	"Байқоңыр" кешенінің жанынан өтетін Қызылорда облысының темір және автомобиль жолдарымен тасымалдана. тын жүктерге қатаң бақылау жасауды қамтамасыз ету	Ішкі ісмині, тұрақты ҰҚК түрде
3	1-тармақта көрсетілген объектілердің мүлкіне, жарамсыз деп танылған техника мен металл сынықтарына түгендеу жүргізу	ҰАҒА, 1995 ж. Меммүлік. шілде басқаруко. мы Қорға. нысмині
4	Конверсиялық пайдалануға жарайтын объектілердің тізбесін айқындау	ҰАҒА 1995 ж. тамыз
5	Пайдаланылмайтын объектілер негізін де кәсіпорындар мен жаңа жұмыс орындарын құру жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті не ұсыныстар енгізу	ҰАҒА, 1995 ж. Экономика. қыркүйек міні, Өнер. кәсіпсауда. міні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК